

# ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ҚАН ОРТАЛЫҒЫ

## ХАТТАМА

## ПРОТОКОЛ

21 маусым 2023 ж.

№ 7

**Қатысқандар:** директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Р.М.Рахманбаев, жобалық-кеңсе бастығы – Е.Тимурулы, қан дайындау бөлімінің дәрігер-трансфузиологы – А.М.Джаланашова, персоналды басқару қызметінің инспекторы – А.Қапан, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің инженері – С.А.Джанобаев, техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау инженері – Д.А.Охрименко, инфекциялық бақылау бикесі – Д.Айтмаханбетқызы, донор жинақтау және дайын қан өнімдерін беру бөлімінің аға медбикесі – А.Р.Искакова, қан дайындау бөлімінің аға медбикесі – А.М.Суранова, қан тестілеу бөлімінің аға медбикесі – Г.И.Елеусинова, қалдықтарды жою бөлімінің медбикесі – Ә.С.Данаева, орталық залалсыздандыру медмикесі – Э.Х.Мусаева

### Күн тәртібі:

- 1.«Терроризм актісінің қауіптілігі, ғимаратта жарылғыш құрылғыға ұқсас затты тапқан кездегі атқаратын іс-шаралар»:
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру»

**Орындаған:** О.Б.Такеев – АҚ және ТЖ маманы.

Семинар барысында қатысқандар баяндаманы талдай отырып, «Терроризм актісінің қауіптілігі, ғимаратта жарылғыш құрылғыға ұқсас затты тапқан кездегі атқаратын іс-шаралар» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру» жөнінде тақырыптарға мысал келтіре отырып кеңінен талқылады.

**1. Террористік** - мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін және басқа да террористік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын әрекеті.

**Террористік акт** - адамның өміріне қауіп тудыратын қастандық, жарылыс, кепілдікке алу, өртеу немесе басқа да іс-қимылдарды жасау, маңызды мүліктік шығындарға ұшырату немесе басқа да қоғамға қауіпті салдардың пайда болуы, егер бұл әрекеттер террористіктің мақсатына жету үшін істелсе, сондай - ақ белгіленген іс-әрекеттердің сол мақсатта жасалу қауіпі болса. террористік акт болып саналады.

Терроризм актісі катерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуымен жұмыс істеу қағидалары.

Терроризм мақсаты – мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау, сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және демалатын жерлерде, адамның көп шоғырланған орындарында, сауда саттық орталықтарында, оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру.

**Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кездегі іс-әрекет:**

- Жақындамау, тиіспеу, орнынан қозғамау.
- Радио байланыс құралын пайдалануды тоқтату.
- Табылған заттың уақыты мен орнын анықтау.



-Табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына, ТЖ органдарына хабарлау.

Мамандар келгенше күдікті құралды бақылауға алу және қауіпті аймақтың күзетін қамтамасыз ету.

Жарылыс құрылғысына ұқсайтын заттың сыртқы түрін тусіндіру.

Бұдан әрі құқық қорғау органдары өкілдерінің нұсқауы бойынша әрекет ету.

Қауіпті аймаққа жататын аумақтағы адамдарды көшіруді ұйымдастыруға көмектесу.

Күдікті құралдың орналасқан орнын, уақытын және қандай жағдайда табылғанын көрсету.

Объекті қызметкерлеріне бөгде адамдардан қандай да бір заттар мен киімдерді қабылдамаулары туралы нұсқау беру.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру туралы.**

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ.

Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді.

Осыған байланысты, 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың нтуындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;

- мемлекеттік сыңайлы және жекеменшік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

**Шешімі:** қызметкерлермен терроризм актісінің қауіптілігі, ғимаратта жарылғыш құрылғыға ұқсас затты тапқан кездегі атқаратын іс-шаралары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру жөнінде кеңінен түсіндіріліп, бейнефильмдер көрсете отырып, ұсыныстар берілді.

Директордың ӘШБ орынбасары  Р.Рахманбаев

АҚ және ТЖ маманы



О.Такеев